

2010 жылғы 9 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасына мұнай және мұнай өнімдерін жеткізу саласындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттамаға қол қою және «2010 жылғы 9 желтоқсандағы Ресей Федерациясының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасына мұнай және мұнай өнімдерін жеткізу саласындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 14 маусымдағы № 789 қаулысы күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 18 қыркүйектегі № 1215 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2010 жылғы 9 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасына мұнай және мұнай өнімдерін жеткізу саласындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманың жобасы
м а қ ұ л д а н с ы н .

2. Қазақстан Республикасының Мұнай және газ министрі Сауат Мұхаметбайұлы Мыңбаевқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізу құқығымен 2010 жылғы 9 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасына мұнай және мұнай өнімдерін жеткізу саласындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттамаға қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. «2010 жылғы 9 желтоқсандағы Ресей Федерациясының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасына мұнай және мұнай өнімдерін жеткізу саласындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 14 маусымдағы № 789 қаулысының күші жойылды деп
т а н ы л с ы н .

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі
Қ а з а қ с т а н
Ү к і м е т і н і ң

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов
Р е с п у б л и к а с ы

2010 жылғы 9 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасына мұнай және мұнай өнімдерін жеткізу саласындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы ХАТТАМА

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі,

1999 жылғы 26 ақпандағы Кеден Одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістік туралы шартты, 2000 жылғы 10 қазандағы Еуразиялық экономикалық қоғамдастықты құру туралы шартты, 2010 жылғы 9 желтоқсандағы Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының мұнай және мұнай өнімдерінің ортақ нарығын ұйымдастыру, басқару, олардың жұмыс істеу және даму тәртібі туралы келісімді негізге ала отырып,

2010 жылғы 9 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасына мұнай және мұнай өнімдерін жеткізу саласындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісім (бұдан әрі – Келісім) шеңберінде мұнай және мұнай өнімдерін жеткізу саласындағы қатынастарды дамыту мақсатында, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Келісімге мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) 6 және 7-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«6-бап

Тараптар Қазақстан Республикасының ішкі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін Тараптар мемлекеттерінің аумақтарында бекітілген мұнай өнімдерінің индикативтік баланстарына сәйкес көлемде Тараптардың құзыретті органдарымен келісілген номенклатура бойынша Қазақстан Республикасына мұнай өнімдерін жеткізу үшін жағдай жасайды.

Қазақстан Тарапы Қазақстан Республикасына әкелінген мұнай өнімдері үшін Ресей

Федерациясына мұнайды қарсы жеткізуді жүзеге асырады.

Ресей Федерациясынан Қазақстан Республикасына әкелінген мұнай өнімдері үшін Ресей Федерациясына мұнайды қарсы жеткізу тәртібі осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын әдістемемен белгіленеді.

7-бап

Осы Келісімнің ережелерін қолдануға немесе түсіндіруге байланысты даулар Тараптар арасындағы консультациялар мен келіссөздер арқылы шешіледі, ал келісімге қол жеткізілмеген жағдайда қарауға Еуразиялық экономикалық қоғамдастық Сотына беріледі.» ;

б) мынадай мазмұндағы қосымшамен толықтырылсын:

«2010 жылғы 9 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасына мұнай және мұнай өнімдерін жеткізу саласындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімге қосымша
Мәскеу қаласы

Қазақстан Республикасына Ресей Федерациясынан әкелінетін мұнай өнімдері үшін Ресей Федерациясына мұнайды қарсы жеткізу ӘДІСТЕМЕСІ

1. Осы әдістеме 2010 жылғы 9 желтоқсанда Ресей Федерациясының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасына мұнай және мұнай өнімдерін жеткізу саласындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімнің 6-бабына сәйкес әзірленді және Ресей Федерациясынан Қазақстан Республикасына әкелінетін мұнай өнімдеріне қатысты Ресей Федерациясының федералдық бюджетінің шығасысын өтеу тетігін айқындайды.

2. Осы әдістемелің мақсаттары үшін мынадай негізгі терминдер пайдаланылады:

«тауар» – Ресей Федерациясынан Кеден одағының шегінен тысқары жерлерге шығару кезінде шығарудың кеден баждары белгіленген, мұнай өнімдерінің жыл сайынғы индикативтік балансына енгізілген және оны Ресей Федерациясынан Қазақстан Республикасына әкету кезінде Ресей Федерациясының федералдық бюджетінің шығасысын Қазақстан Республикасынан Ресей Федерациясына мұнайдың қарсы жеткізілімі есебінен өтеу міндеттемесі туындайтын мұнай өнімдері;

«қарсы жеткізілетін мұнай көлемі» – Ресей Федерациясынан Қазақстан

Республикасына есепті тоқсан ішінде жеткізілген тауарлар үшін осы Әдістеменің ережелеріне сәйкес есептелген Қазақстан Республикасынан Ресей Федерациясына жеткізілетін мұнайдың көлемі.

3. Ресей Федерациясынан Қазақстан Республикасына шығарылатын тауарларға қатысты Ресей Федерациясының федералдық бюджетінің шығасын өтеу 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап, Қазақстан Республикасынан Ресей Федерациясына мұнайдың қарсы жеткізілімі арқылы жүзеге асырылады.

Ресей Федерациясынан Қазақстан Республикасына шығарылатын тауарларға қатысты есепті кезең үшін Ресей Федерациясының федералдық бюджетінің шығасысы шамасының есептемесі шығарылатын тауарларға Ресей Федерациясының кеден органы кедендік декларацияны тіркеу күнінде Ресей Федерациясында қолданыстағы кеден бажы ставкалары негізге алынып жүргізіледі.

Ресей Тарапының құзыретті органы Қазақстан Тарапының құзыретті органын тауарларға шығару кеден баждарының ставкаларын белгілеу және (немесе) өзгерту және оның күшіне ену мерзімдері туралы шешім қабылданғаны туралы ол қабылданған күннен бастап 10 күннен кешіктірмей хабарлайды.

Егер Ресей Федерациясында тауарларға шығару кеден баждары ставкалары АҚШ долларымен белгіленсе, Ресей Федерациясының федералдық бюджетінің шығасысы шамасының есептемесін жүзеге асыру үшін шығару кеден баждарын есептеу Кеден одағының Кеден кодексінде белгіленген тәртіппен АҚШ долларымен жүзеге асырылады.

4. Тоқсан сайын, есеп берілетін тоқсаннан кейінгі айдың 25-інен кешіктірмей, Қазақстан Тарапынан – Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі, Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі және «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы және Ресей Тарапынан – Ресей Федерациясы Энергетика министрлігі, Федералдық кеден қызметі, Ресей Федерациясы Қаржы министрлігі, «Ресей темір жолдары» ашық акционерлік қоғамы мен «Транснефть» мұнай тасымалдау жөніндегі акционерлік компания» ашық акционерлік қоғамы Ресей Федерациясынан Қазақстан Республикасына шығарылған тауарлардың көлемі туралы мәліметтерді салыстыруды жүргізеді және көрсетілген деректер негізінде Ресей Федерациясының федералдық бюджетінің шығасысы шамасын есептеуді жүзеге асырады.

Жүргізілген салыстыру нәтижелері бойынша Қазақстан Тарапынан – Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі, Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі және «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы және Ресей Тарапынан – Ресей Федерациясы Энергетика министрлігі, Федералдық кеден қызметі, Ресей Федерациясы

Қаржы министрлігі, «Ресей темір жолдары» ашық акционерлік қоғамы мен «Транснефть» мұнай тасымалдау жөніндегі акционерлік компания» ашық акционерлік қоғамы мұнайдың қарсы жеткізілімінің көлемін алдын ала есептеу үшін пайдаланатын еркін нысанда 2 данадағы аралық салыстыру актісіне қол қояды.

Мұнайдың қарсы жеткізілімі көлемінің әр тоқсандағы түпкілікті есептемелері және Ресей Федерациясының федералдық бюджетінің шығасысы шамасы Ресей Федерациясынан Қазақстан Республикасына шығарылған тауарлардың көлемі туралы ақпаратты қамтитын есепті жыл үшін жиынтық салыстыру актісі негізінде жүргізіледі.

Есепті жыл үшін жиынтық салыстыру актісіне Қазақстан Тарапынан – Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі, Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі және «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы және Ресей Тарапынан – Ресей Федерациясы Энергетика министрлігі, Федералдық кеден қызметі, Ресей Федерациясы Қаржы министрлігі, «Ресей темір жолдары» ашық акционерлік қоғамы және «Транснефть» мұнай тасымалдау жөніндегі акционерлік компания» ашық акционерлік қоғамы есепті жылдан кейінгі жылдың 1 наурызына дейін, еркін нысандағы 2 данаға қ о л қ о я д ы .

Атап санамаланған ұйымдардың қайсы бірі жиынтық салыстыру актісіне қол қоюдан бас тартқан жағдайда, Тараптар жағдайды реттеу және соттан тыс тәртіппен уағдаластыққа қол жеткізу үшін барлық мүмкін болатын шараларды қолданады.

Қол қойылған аралық және (немесе) жиынтық салыстыру актісінің деректері негізге алына отырып, мұнайдың қарсы жеткізілімі көлемінің есептемесі мына формула бойынша жүзеге асырылады:

$$\begin{aligned}
 & \text{Мұнайдың қарсы жеткізілімінің көлемі (тонна)} * = \frac{\text{Ресей Федерациясының тауарларға шығару кеден баждарының есепті тоқсанның бірінші айындағы есептемелік сомасы (АҚШ доллары)}}{\text{Ресей Федерациясының тауарларға шығару кеден баждарының есепті тоқсанның екінші айындағы есептемелік сомасы (АҚШ доллары)}} + \frac{\text{Ресей Федерациясының тауарларға шығару кеден баждарының есепті тоқсанның үшінші айындағы есептемелік сомасы (АҚШ доллары)}}{\text{Ресей Федерациясының шикі мұнайға шығару кеден баждарының есепті тоқсанның екінші айында қолданылатын ставкасы (тонна үшін АҚШ доллары)}} + \frac{\text{Ресей Федерациясының тауарларға шығару кеден баждарының есепті тоқсанның үшінші айында қолданылатын ставкасы (тонна үшін АҚШ доллары)}}{\text{Ресей Федерациясының шикі мұнайға шығару кеден баждарының есепті тоқсанның үшінші айында қолданылатын ставкасы (тонна үшін АҚШ доллары)}}
 \end{aligned}$$

* - мұнайдың қарсы жеткізілімінің көлемі жиынтық салыстыру актісінің негізінде
н а қ т ы л а н у ы м ү м к і н .

5. Қазақстан Республикасынан мұнайды қарсы жеткізу көлемінің осы Әдістемеге сәйкес жүргізілген есептемесі негізінде Тараптардың құзыретті органдары ағымдағы тоқсанда мұнайды қарсы жеткізу көлемі туралы ақпаратты есепті тоқсан ішінде Ресей Федерациясынан Қазақстан Республикасына жеткізуді жүзеге асыратын ресейлік ұйымдардың арасында сол қарсы жеткізілетін мұнай көлемінің үлестірілетіндігі туралы Қазақстан Тарапынан оператор-компанияның («ҚазМұнайГаз»– өңдеу және маркетинг акционерлік қоғамының немесе Қазақстан Тарапы тағайындаған өзге ұйымның) және Ресей Федерациясынан Қазақстан Республикасына мұнай жеткізуді жүзеге асыратын ресейлік ұйымдардың назарына жеткізеді, олар көрсетілген ақпарат берілгеннен кейін 10 күн ішінде Қазақстан Республикасынан Ресей Федерациясына тиісті көлемде мұнай жеткізуге шарттар жасасады. Шарттардың өзге елеулі талаптарын оператор-компаниялар екіжақты келіссөздер барысында белгілейді.

Ресей Федерациясынан Қазақстан Республикасына есепті тоқсанда мұнай жеткізуді жүзеге асыратын ресейлік ұйымдар арасында қарсы жеткізілген мұнай көлемін үлестіруді Ресей Федерациясының Энергетика министрлігі есепті тоқсанда Ресей Федерациясынан Қазақстан Республикасына қарсы жеткізілген мұнай көлемдеріне үйлесімді түрде жүзеге асырады.

Ағымдағы тоқсаннан кейінгі тоқсанда жоғарыда аталған мұнай жеткізу шарттарын жасасқан ресейлік ұйымдарға Ресей Федерациясының табиғи монополиялар саласындағы заңнамасының талаптарын ескере отырып, тоқсан сайын тиісті көлемде Ресей Федерациясының Энергетика министрлігі белгіленген тәртіппен бекітетін Ресей Федерациясының аумағынан тыс жерлерге магистралдық құбырлар арқылы мұнай тасымалдау кестесінде көрсетілген мұнай тасымалдау көлемінен астам мұнай тасымалдау қызметтеріне рұқсат беріледі.

Ресейлік ұйымдар қарсы мұнай жеткізудің бағасын белгілегенде, аталған ұйымдар Ресей Федерациясынан Қазақстан Республикасына мұнайды жеткізу кезіндегі сондай баға белгілеу тәртібі қолданылады.

Шарттардың елеулі өзге де жағдайлары Тарап мемлекеттердің шаруашылық субъектілерімен келіссөздер барысында белгіленеді.

6. Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі жыл сайын Қазақстан Тарапынан оператор-компанияға мұнай жеткізуді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылардың тізбесін бекітеді.

7. Тоқсан сайын қарсы жеткізуге тиіс мұнай көлемі анықталған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі осы Әдістеме шеңберінде Қазақстан Тарапынан оператор-компанияға жеткізуге тиіс көлемді әрбір жер қойнауын пайдаланушы үшін бекітеді.

8. Мұнайдың қарсы жеткізілімі кезінде:

компания-оператор және Қазақстан Тарапынан жер қойнауын пайдаланушылар осы
Әдістемеге сәйкес жеткізілетін мұнайдың бекітілген көлемінен экспортқа рента
с а л ы ғ ы н т ө л е м е й д і ;

Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдаланушылары осы Әдістемеге
сәйкес сатылатын мұнай көлеміне Қазақстан Республикасының ішкі нарығына шикі
мұнайды сату және (немесе) беру кезіндегідей төмендетілген 0,5 коэффициентін
қолдана отырып пайдалы қазбалар өндіруге салық төлейді;
осы Әдістемеге сәйкес берілетін тауар мен мұнайдың бағасы Қазақстан
Республикасының трансферттік баға белгілеу туралы заңнамасымен реттеуге жатпайды

Осы шарттар Қазақстандық Тараптың мұнайды оператор-компанияларға және (немесе)
жер қойнауын пайдаланушыларға осы ұйымдардың қарсы жеткізу бойынша
міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

9. Қазақстан Тарапы мұнай өнімдерінің индикативтік балансымен бекітілген
нормалардан тыс тауарларды жеткізуден бас тартып, аталған шешім туралы Ресей
Т а р а п ы н а х а б а р л а у ғ а қ ұ қ ы л ы .

Келісім және осы Әдістеме шеңберінде тауар жеткізу теміржол көлігімен жүзеге
а с ы р ы л а д ы .

Тауар жеткізіліміне бақылау мен мониторингті Қазақстан Республикасы Мұнай
және газ министрлігі, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар
министрлігі, Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі және «Қазақстан темір
жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы мұнай өнімдерінің жылдық
индикативтік балансы негізінде Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі
бекіткен және Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігімен
келісілген тауарлар жеткізу кестелері негізінде жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының теміржол әкімшілігі «Қазақстан темір жолы» ұлттық
компаниясы» акционерлік қоғамы арқылы Қазақстан Республикасының тиісті үкіметтік
органдарының тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасының межелі станциясына
тауар жеткізу көлеміне шектеу енгізуге құқылы.».

2-бап

Осы Хаттама ратификациялауға жатады және Тараптардың оның күшіне енуіне
қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама
дипломатиялық арналар арқылы алынған күннен бастап, бірақ 2010 жылғы 9
желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының
Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасына мұнай және мұнай өнімдерін жеткізу
саласындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы Келісім күшіне енгеннен
к е й і н ғ а н а к ү ш і н е е н е д і .

2012 жылғы « » қаласында және 2012 жылғы « » қаласында және әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде түпнұсқа екі данада жасалды, әрі екі мәтіннің күші бірдей.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

*Ресей Федерациясының
Үкіметі үшін*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК